

А.Б. Бакраденова , А.С. Таурбекова, Г.А. Тажинова

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан  
(E-mail: altyn.bakradenova@mail.ru, taurbekova71@mail.ru, gulnara71.a@mail.ru)

## Қарым-қатынас баланың ана тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың негізгі шарты ретінде

**Аңдатпа.** Мақалада мектеп жасына дейінгі бала тілінің қалыптасу, даму барысы қарым-қатынасқа байланысты екендігі туралы зерттеулер қарастырылған. Қазіргі кезде мемлекеттік тілге қатысты байқалатын мәселе кейбір отбасында жас баладан бастап үлкендеріне дейін орыс тілін қарым-қатынас тіліне айналдырып келе жатқандығы. Баланың психикасы мен сөйлеуі өзара байланыста дамидынығытан, баланы қазақ тілінде сөйлеуге үйрету психологиялық, лингвистикалық көзқарастарды есепке алады. «Сөйлеу бар жерде тыңдау болуы шарт. Баланы тыңдауға үйрету тілдік қарым-қатынасқа түсіру деген сөз» деген тұжырымды негіз етіп, билингвальді отбасынан келетін балалармен қазақ тілінде тілдік қарым-қатынасқа түсуге бағыттайтын әдіс-тәсілдер ұсынылған. Балабақша балаларына диагностикалық зерттеу нәтижесінде тілдік қарым-қатынасқа түсуде қиындық келтіретін грамматикалық формалар айқындалған. Мақалада тіл сөйлеушінің ұлттық болмысын көрсететін таңба, белгі деп көрсетілген. Мектепке дейінгі жас кезеңдеріне қарай қатынастың әртүрлі нұсқалары болатыны, халықтық өлең-жырлардың ана тілге деген генетикалық кодтарды оятатыны, тыңдай білу, қойылған сұраққа логикалық және грамматикалық заңдылықтарға сәйкес жауап беруі балалардың өсе келе өзара және үлкендермен тілдік қатынасқа түсуіне байланысты екендігі айтылған. Баланың еске сақтауы, ойлауы, елестетуі, қабылдауы т.б. ішкі сөйлеу тілінде орысша қалыптасып жатқанда (билингвальді ортада), қазақша сөйлеуге түрткі жасалмаса, балаға орыс тілінде сөйлеу әрекетіне түсу ыңғайлы. Ал ана тілінде сөйлеуі үшін оларды өзара және үлкендермен түрлі іс-әрекеттерде сөйлеу дағдыларын дамыту қажеттігін ескертіп, мақала авторлары орыстілді баланы мемлекеттік тілде сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту жолдары мен оларды қарым-қатынасқа түсіретін диалогтік тілдік ресурстарды пайдалануды ұсынады.

**Түйін сөздер:** тілдік қатынас, сөйлеу, ойын, еңбек, сөйлеу дағдысы, тұрмыстық әрекет, коммуникативтік әдіс, тіл дамыту.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-63-75>

### Кіріспе

Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылатын оқу-тәрбие іс-әрекеттерінің ешқайсысы бала мен педагогтің тілдік қарым-қатынасынсыз өтпейді. Өйткені тіл – қарым-қатынас құралы. Тілге тән қызмет – адам өмірінде әрбір жеке тұлғаның болмысын айғақтайтын психологиялық және практикалық әрекеттер. Ақыл-ой әрекетінсіз сөйлеу жоқ. Қазіргі қоғамда қалыптасқан жағдайдағы кейбір балалар тіліне тән ерекшелік – олардың орысша ойлауы басым да, сол ойын жеткізетін сөйлеуі дағдарыста болуы. Бала тілінің қалыптасу, даму барысына лабораториялық зерттеулер жүргізген орыс ғалымдарының еңбектерінде тіл дамыту үдерісінің қарым-қатынасқа байланысты екендігі әрдайым айтылып келеді. Үйде, балабақшада, мектептің бастауыш сатысында бала күнделікті тұрмыста, ойын кезінде, еңбек үстінде, арнайы ұйымдастырылған оқу

қызметінде айналасындағылармен қарым-қатынасқа түсіп сөйлесе бастайды. Біздің зерттеу нысаны етіп алып отырған коммуникативтік тілдік қарым-қатынас мәселесі мектепалды топ балаларының орыс тіліне ден қойып, мектепке барғанда ана тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланбаудан туындап отыр.

Полилингвальді, билингвальді отбасыларының көптеп пайда болуына орай Қазақстанда 3-10 жастағы балалардың сөйлеу әрекеті екі тілде (орыс және қазақ) аралас жүретіні шындық. Көкейкесті мәселе: мектепке келгенде балалардың қазақ тілінде қойылатын сұрақтарды бірден түсінбей, мұғаліммен тиісті деңгейде тілдік қатынасқа түспей жатуы. Осы жағдайға байланысты балалардың қазақ тілін меңгеру деңгейлерін есепке ала отырып, мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілердің коммуникативті дағдыларын қалыптастыру, дамыту мәселесін зерттеу көзделуде. А.Г. Рузскаяның «Отношение детей дошкольного возраста к разным вариантам общения со взрослыми» деген мақаласында балалармен төмендегідей қарым-қатынас түрлері жіктелген:

- а) туғаннан 6 айға дейінгі аралықтағы жекелей-жағдаятты қарым-қатынас,
- ә) байдан 3жасқа дейінгі жағдаятты-іскери қарым-қатынас;
- б) 3жасдан 5жасқа дейінгі жағдаяттан тыс-танымдық қарым-қатынас;
- в) 5жасдан 7жасқа дейінгі жағдаяттан тыс-жекелей қарым-қатынас[15].

Баланың 2-3 жас аралығындағы диалогті сөйлеуі пайда болуын зерттеп дәлелдеген ғалым А.М. Леушина: «Диалогті тіл – бала тілінің ең бастапқы формасы» деген [10]. Алғашқы кезеңде өз-өзімен сөйлесуі баланың бір әрекетке енуінен (қуыршақпен, машинамен т.б. ойнауы, күшікке, мысыққа тіл қатуы) барысында көрінеді. Ата-ана сол сәтті өткізіп алмай, ана тілінде ойын өлеңдермен бүлдіршіннің әрекетін мазмұнды ете түсуі керек.

Туғаннан анасының құшағында, 3жасқа дейін отбасы мүшелерімен түрлі жағдаяттарда жекелей жағдаятты-іскери қарым-қатынаста болатын балаға отбасында ерекше көңіл бөлінуі керек. Әлди жырын не анадан, не әжеден естімеген баланың бойында ұлттық код қайдан болсын? «Карелия университетінің профессоры, фольклортанушы София Лойтер: «Балаларға тақпақ үйреткенде фольклорлық сарындағы дүниелердің болуы маңызды. Өйткені әрбір бүлдіршіннің генетикалық жадында өз халқының менталитеті, ұлттық болмысы сақталады. Салт-дәстүрге, көне әдетке негізделген өлеңдер оның бойындағы генетикалық кодтарды тірілтеді» деп жазыпты. Ана тіліміздің мемлекеттік дәрежесінде көрінуі үшін ситуациялық жағдаяттар тудыра отырып, баланың бойына өз ұлтының тіліне деген сүйіспеншілік ұялатуды халықтық жырлардан бастауымыз керек.» деген[3,21]. Адамның жаратылуы туралы шығыстық ілімде тіл, діл, мирас қатар жаратылады деген қағидат бар. Заттық жаратылыс (жер,су, ауа, тау, одан өнетін өнімдер,т.б.) адамзатқа берілген мирас, діл әр адамның жаратылысына қарай болмысы десек, ал тіл – осылардың бәрін үйлестіретін құрал. Бала тәрбиесінде де осы қағидат ұсталынады. Баланың қазақы болмысы айналасындағы табиғатты, заттарды, жаратылыс иелерін, туған-туыс, салт-дәстүрге сай нысандарды ана тілінде қабылдап, бойына сіңіріп, ойына тоқығанда ғана қалыптасады. Туған мекеніне, еліне, жеріне, оның мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет тіл арқылы тәрбиеленіп, біртіндеп ділге (ұлттық кодқа) ұласады деп ойлаймыз.

Осыған орай, **мақаламыздың мақсаты:** балалардың ана тілінде сөйлеуін дамыту үйде және балабақшада ұйымдастырылған қарым-қатынасқа және мазмұнды құрылған сөйлеу әрекеттеріне байланысты екендігін дәлелдеу. Мектепалды топ балаларын қазақ тілі нормасына сай байланыстырып сөйлеуге үйрету үдерісін әрбір әрекетте (ойында, еңбек үстінде, оқу-тәрбие қызметінде, т.б.) баланың сөйлеу дағдыларын дамытатын жұмыстарға басымдылық бере отырып, қарым-қатынаста ұйымдастыруды басты шарт ретінде ұстануды ұсыну.

## Негізгі бөлім

Ата-ана үйде баламен күнделікті қарым-қатынаста ана тілінде сөйлесуді, баланың айналасындағылардың сөздерін тыңдап, соған еліктеп қайталап, жадында қалдыратынын ұмытпаулары керек. Өкінішке орай, көптеген отбасыларындағы үлкендер баланың осы

қабілетін ескермей, өздерінің олармен қарым-қатынасын өз тілінде емес, өзге тілде өткеріп жатады.

Ана тілін табиғи жағдаятта игере бастаған сәбилер 3-5 жаста үлкендермен саналы түрде сөйлесе бастауы тиіс. Ортаңғы топ балалары көп сұрақ қойғыш келеді. Тілдік қатынасқа өздері ұмтылып тұрады. Жағдаяттан тыс-танымдық қатынастағыларды «Негештер» (почемучки) деп аталу осыдан шыққан. Балалар бұрынғыдай айналасындағы заттармен әрекет жасап қоя салмайды, олардың ерекшеліктерін тереңірек білуге, зерттеуге кіріседі. Осы кезде үлкендер білетін деректерге сүйенеді. Баланың қызығушылығы артып, қиялы әр нәрсеге жетелейді.

Ал балабақшаның мектепалды тобындағы 5-7жастағы балалардың мектептегі оқуы сәтті жалғасуы үшін балабақша тәрбиешілері мен кіші сынып мұғалімдерінің жұмысында сабақтастық орнығуы керек. Балалардың өзара және педагогтермен қатысымдық-коммуникативтік әрекетке түсуі оларға негізінен мынадай құзыреттерді қалыптастыруға байланысты: қазақ тілінде сөйлесуге қатысатын тұлғалар мен тілдік құралдарды қолданылу амалдарын жете игеруі және оларды қажеттілігіне қарай жұмсай білуі. Бұл – осы жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру деген сөз. Баланы сөйлеуге үйретуде сол меңгертілетін тілдегі сөз тіркестерінің, сөйлемдерінің құрылысын қабылдатуға көп күш жұмсалуды қажет. «Сөздік қордың дамуына, естігенді не тыңдағанды дұрыс қабылдауына баланың тілдегі ең кіші бірліктері туралы білуі де шешуші рөл атқарады» делінген скопус мақаласында [4].

Сөйлеу әрекетінің басты көзі коммуникативтік – танымдық қажеттілік. Бүгінгі көптілді қоғамда туындап отырған мәселе: қолдарына гаджеттерді құлшына тұтынған бүлдіршіндердің танымы орыс тілінде өте белсенді дамуда. Осы жағдаяттан арылтудың жолы үйде не балабақшада ұйықтар алдында диктофон, магнитофонға жазылып қойылған біркелкі жырларды, ертегілерді тыңдату деп ойласақ та, қостілділік бала қатынасына түскендіктен, оларды қиял әлеміне жетелеуге, тәрбиелік әсер алуға бұл әдіс те жеткізе қоймайды. Біздіңше, оның орнына үлкендердің мәнерлеп оқыған әңгіме, ертегілері құндырақ. Ата-ана, педагогтер тарапынан жағдаяттық-іскери қатынас ұйымдастырылуы мемлекеттік тілде байланыстырып сөйлеу мәселесінің шешімін табу үшін өте қолайлы деп есептейміз. Яғни, бала мен үйретушінің білуге және білдіруге (үйретуге) қажетті тілдік материалдарға байланысты қарым-қатынасқа түсуі өлең-жырларды дауыстап оқуды, балалардың тыңдауын қамтамасыз етеді. «Тыңдалым өте маңызды. Өйткені тыңдай отыра біз сөйлесушімізбен бірге сөйлесеміз» деген П.П. Блонский [5,247]. Ғалым тұжырымына сүйеніп, баланы естігені бойынша дұрыс жауап беруге үйрету керек. Балаларды өзара немесе үлкендермен жоғарыдағыдай тілдік қатынастарға түсіруде «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту» оқу құралынан тіл дамытудың әдістемелік ұстанымдарын ұстанған жөн. Олар:

1. Балалардың сөйлеу тілін айтылым мен түсіну үдерісінде қалыптастыру ұстанымы.
2. Ана тілінің барлық жақтарын (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) өзара байланыста оқыту ұстанымы.
3. Сөйлеу әрекетіне түсіру немесе белсенді сөйлеуді қамтамасыз ету ұстанымы.

Педагог баланың аузынан шыққан жекелеген сөздер сөйлеу болмайтынын білуі тиіс. Төмендегідей шарттарды ұстанғанда ғана балалар педагог үйреткен тілдік материалдарды белсенді қолдана бастайды:

- сөйлеуге іштей қажеттілік (осылай деу жөн) туындағанда;
- сөйлеу мақсаты (неге солай сөйлейтіні) айқын болғанда;
- баланың айтар ойы (сөздері жеткілікті, мазмұнды) анық болғанда [15,21]. Осы ұстанымдарды ескере келе балабақшаның мектепалды топ балаларымен жүргізген бақылау іс-тәжірибемізден көз жеткізгеніміз – тілі ана тілінде шықпаған баланың тілін дамытуға коммуникативтік-әрекеттестік әдісін қолданудың маңыздылығы.

«Сөйлеу тілі – әрекет және оның жемісі. Сондықтан да сөйлеуде ауытқулар болып тұрады. Сөйлеуді іс-әрекет ретінде түсіну тілді оқытудың міндетіне сай келмек» деп

әдістемелік зерттеуде көрсетілсе [9,28], «Сөйлеуді дамытудағы коммуникативті-әрекеттестік ұстанымы» деп аталған принципке берілген анықтамада: «Бұл принцип сөйлеуді қарым-қатынас үшін тілді қолданудан тұратын әрекет ретінде түсінуге негізделген. Ол балабақшадағы балалардың сөйлеуін дамыту мақсатынан – сөйлеуді қарым-қатынас пен таным құралы ретінде дамытудан туындайды және ана тілін оқыту процесінің практикалық бағытын көрсетеді» деп берілген оқу құралында [1,13].

«5-7 жастағы балалардың тілдік қарым-қатынасынан байқалатын ерекшеліктің бірі – үлкендердің сұрақтарына ойланып барып жауап бере бастауы. Ана тілі қалыпты жағдайда қалыптасқан, әрдайым ана тілінде сөйлейтін бала үлкендермен еркін түрде сұхбаттаса бастайды. Адамдар арасында болып жатқан жағдаяттар туралы білгісі келіп, әр нәрсе оларды қызықтырады, жақсы-жаман істер неліктен болатынын, қандай тұста өзін қалай ұстауы керектігін білуге тырысады. Сұрақтар жаудырып, талдауға кіріседі, кейде пікір таластыруға дейін баратын болады. Олар үлкендермен, өз тұрғыластарымен өзара түсінісуге, өзара болысуға ұмтылып тұрады. Білмейтін деректері туралы білгілері келетінін көрсетеді, кейде олардың оқып-үйренуіне жұмылдырылатын уақыт тіпті шектен тыс көбейіп кетуі де мүмкін» [1,15].

Ал балабақшаға билингвальді отбасынан келетін балалар өз тұрғыластарымен сөйлесе алмайтындықтан, сөйлеу әрекетінен, яғни өз тұрғыластарымен тілдік қарым-қатынасқа түсуден бас тартады. Тәрбиеші қаншалықты мотивация жасаса да, қойылған сұраққа берген жауаптарында грамматикалық ауытқулар кездесіп жатады. Осы кезде педагог сөзге тартқан баламен меңгерген тілдік қабілетіне қарай қатынасқа түсуі керек. Жекелей-жағдаятты қарым-қатынас жасау – орыстідді баланың болашағына жол ашатын мүмкіндік. Швеция елінде швед тілін екінші тіл ретінде үйренуге мәжбүр болған балаларға үлкендер көмегінің қажет екендігін ескерткен мақалада: «Көптеген елдерде мектепке дейінгі мекемелер баланың өз айналасынан, яғни үйінен ала алмаған көмекті толықтыратын рөлде көрінеді (Brodin et al., 2015). Циалковский және Годдстейн сияқты зерттеушілер толыққанды көмек алған жағдайда сөйлеу тілі кеш қалыптасып жатқан балалар өз тұрғыластарын қуып жетіп, өздерінің коммуникативті дағдыларын, тіпті функционалдық сауаттылығын жақсарта алады» делінген [8,12].

Аралас тілде сөйлейтін баланың ойын барысында, арнайы ұйымдастырылған жағдаятта ана тілінде нормаға сай сөйлейтін балалармен қарым-қатынасқа түсуі өте маңызды. Ана тілінің табиғи дамытылуы жағдайында А.В. Запорожец, М.И. Лисина, А.Э. Рейнштейн деген ғалымдар «үлкендермен болатын қарым-қатынастан гөрі балалардың өз тұрғыластарымен тілдік қарым-қатынасқа түсуі белсенді болатынын» айтқан [13,21].

Қазіргі кезеңде осы мақсатта балабақшадағы не мектептің бастауыш сыныптарына орысша сөйлеп келген баланың өзара немесе үлкендермен қарым-қатынаста сөйлеу әрекетін жиі ұйымдастыру көзделуде. Оқу ордамыздағы «Педагогика және психология жоғары мектебі оқыту бағдарламаларына» 2022 жылдан «Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың сөйлеу әрекеті» деген аталыммен арнайы курс енгізіп, біз «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасымен оқитын студенттерді қоғамда орын алып отырған көптілділік, қостілділікке қатысты қосымша білімі бар маман дайындауды көздеп отырмыз. ҚР Білім және ғылым министрлігі 2016 жылы бекіткен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына» ҚР Оқу ағарту министрінің 2022жылы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша деректерде мектеп жасына дейінгі балаларға берілетін білім мен тәрбиені бес аймақ бойынша жүргізу талаптары қойылды. Бұлар – баланың физикалық даму, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық-зерттеушілік, әлеуметтік-эмоционалдық даму аймақтары [11]. Ескеретін жайт осы бес аймақтың әрқайсысына тән дағдыларды қалыптастыруда баламен ұйымдастырылатын іс-әрекеттер мен шаралар әрдайым сөйлеу әрекетімен ұштастырылып, кіріктірілген (интегративті) арнайы оқу қызметі жүйесінде тиімді әдіс-тәсілдермен бекітіліп отырса, педагогтер баланың ана тілінде сөйлеу дағдыларын тиімді дамытады деп ойлаймыз. Мысалы, дене жаттығуларын жасатып, балалардың бойын шынықтыруда М.Әлімбаевтің «Шынықсын денеміз» деген

өлеңін бірлесе айтқызу, ырғақты жаттығуларды музыкалық сүйемелдеумен жүргізуде, тіпті доп лақтырып ойнатуда сөздер мен сөз тіркестерін бала сөздігіне енгізуді ойластыра ұйымдастыру бала тілін жаттығу үстінде де дамытады демекпіз.

Сөйлеу әрекеті дегеніміз – баланың белгілі бір тілде біреуге қарата сөйлеуі, тіл қатуы, яғни сол адаммен тілдік қатынасқа түсуі. Аралас тілде сөйлейтін баланы сөйлеу әрекетіне түсіру үшін ең алдымен оның сөздік қорының сан жағынан өсуіне, сөйлеу кезінде оларды грамматикалық формада дұрыс байланыстырып, ойын дұрыс жеткізе білуге қажетті лексикалық, грамматикалық бірліктер жеткілікті болуы шарт.

Баланың лексикалық икемділіктері мен дағдыларын дамытуда біз әдіскер ғалым А. Жапбаров ұсынған төмендегідей қағидаларға сүйендік:

«Біріншіден, сөйлеу икемділігі мен дағдысы тіл заңдылықтарын игеру, теориялық білім негізінде жүргізіледі. Себебі, қандай бір лексикалық материал туралы теориялық білім беру тұтас алғанда балаға қазақ тілі жүйесін игерту мақсатында және қатысымдылық - әрекетіндегі лексикалық дағдылар мен икемділігін арттыратындай мазмұнда құрылады. Екіншіден, қандай да болсын лексикалық мәлімет беру тәжірибелік мазмұнда болу қажет. Лексикалық икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру сөздің санына ғана емес, оның сапалық мәніне де байланысты. Басқа біреудің сөйлеуін түсіну үшін немесе өз ойын айтып жеткізу үшін қажетті лексиканы қолдануды білмеген жағдайда қатысым жасалмайды, басқа адамның сөзін түсіне алмаймыз, өз ойымызды нақты жеткізе алмаймыз. Ал, үшіншіден, лексикалық материал туралы мәлімет баланың қатысымдылық - әрекетіне қажетті болуы тиіс, өйткені игерген сөзді тек сөйлем құрауда ғана емес, күнделікті қызметінде ойындарды жүргізу, пікір алмасу, әңгімелесуді нәтижелі жүргізе білу үшін сөз бен сөз тіркестерін қолдана білуде жаттықтырылады» [9]. Бұлар тілі табиғи қалыпта қалыптасып дамитын оқушыларға арналғанмен, қазіргі ақыл-ойы жат тілдегі мәліметтерімен озық келетін балаларды ана тіліне оралтуға басшылыққа алынатын қағидаттар екендігіне шүбә жоқ.

Жинақтап айтқанда, сөйлеудің дұрыс болуы орыстілді баланың ана тілінде игере бастаған грамматикалық икемділіктер мен дағдыларға байланысты. Оның қатысымдық әрекетте тілді игерудегі грамматикалық икемділігі мен дағдылары өз ойын тиісті сөйлемді дұрыс құрастыра білу икемділігі мен дағдысы болып саналады.

Тілді игертуде, оны дамытуда баланың өзара немесе айналасындағылармен қарым-қатынасы болуын, оны іс-әрекет теориясына негіздеудің қажеттілігін бала психологиясын зерттеген ғалымдар ертеде-ақ анықтаған. Л.С. Выготский сөйлеу икемділігін әрекет деп немесе оның негізі деп қарастырып, дағдыны әрекеттенудің (амалдың) негізі, икемділіктің бірлігі деп қарастырады. Аралас тілде сөйлейтін балалардың өз ойларын ана тілінде жеткізу икемділігін кесте арқылы көрсетсек, мынадай деректерге көз жеткіземіз:

## Кесте 1

### Сөйлеу икемділігі

Ғылыми негіздері	Икемділіктер	Дағдылар
Психологиялық	Ойды жеткізе білу қабілеттілігі: өте төмен.	Сөйлеу - ойлау амалдары: орысша
Әрекеттік	Іс-әрекет жасау икемділігі: Белсенді, позитивті	Әрекеттену (оқу, жазу, тыңдап -түсіну, айту): әркелкі.
Кибернетикалық	Жүйелі сөйлеу икемділігі: Орысша басым, қазақша кібіртіктеп, аударма түрінде орташа.	Тілдік бірліктерді орынды қолдану: жекелеген сөздері, тіркестері қарым-қатынаста жаттанды.
Лингвистикалық	Сөйлеу, қатысым жасай білу: үлкендердің жетегімен, өзара қысқа реплика, фразалар түрінде	Сөз, сөз тіркестері, сөйлем арқылы мәтін құрастыра білу: Мнемокөрнекіліктер, графикалық алгоритмдермен, суретпен жұмыс барысында

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі бар: тыңдау, айту-сөйлеу, оқу және жазу. Бұлардың әрқайсысына тән икемділіктер мен дағдыларға үйрету біртіндеп ауызша сөйлеуде бекітіліп, кейін мектепте жазба жаттығулар, тапсырмалар арқылы оқу үдерісінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі жаста (3-5) сөйлеу әрекетінің тыңдау, айту, мектепалды топта (5-6) оқу мен жазу сияқты түрлері жаттықтырылады. Баланың өзіне қарата айтылған ойды түсінуі мен оған қарата жауап беру икемділігін қалыптастыру тілге үйретушінің өзінің лингвистикалық білімін қажет етеді. Балаға сөздерді дұрыс тіркестіру, сөйлемдер, сурет бойынша мәтіндер құрастыру үйретуші мен үйренушінің ауызекі сөйлесу амалдарын жиі өткізуді қажет етеді. Балабақшада тәрбиеші сөйлеу әрекетіне күнделікті түсірсе, мектептегі сауат ашу оқу қызметінде мұғалім берілген дыбыстардан сөздер, тіркестер құрату, сөйлем арқылы суреттерді сөйлету әдісін тілі орысша шыққан балалармен жиі ұйымдастыруы ләзім.

Бала жетілісіне қарай мектепке дейінгі кезеңде меңгеретін сөйлеу икемділігі автоматты түрде қарым-қатынаста жаттықтырылып, сөйлеу дағдыларына айналады. Тілдік әрекет ретінде дағды екі амалды көрсететінін: өзара байланысты бір дағдының ішінде және әртүрлі дағдылардың арасындағы амалдар жіктелетінін ата-ана да, мектеп мұғалім де ескеруі тиіс. Әр баланың сөйлеуде өзіндік сапа деңгейі болады. Ойды жеткізе білу қабілеттілігі, жүйелі сөйлеу икемділігі, сөйлеу, қатысым жасай білу икемділігі қалыптаспаған балаларда ана тілінде нормаға сай сөйлеу дағдылары кеш дамиды.

Бастауыш сыныпқа кейбір балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің жеткілікті болмай жатуын, сөйлеу дағдылары қалыптаспағандықтан, жүйелі сөйлей алмайтындығын осыдан бірнеше жылдар бұрын әдіскер ғалым С. Рахметова айтқан болатын. Төмендегі кестеден оқушының өзіндік сөйлеу икемділігіне ойлау амалы да қатысты екендігі анық байқалады. Бұл құбылысты түсінікті ету үшін төмендегідей кестені ұсынамыз:

**Кесте 2**

**Сөйлеу дағдылары**

Айту және жазу дағдысы	айту, жазу амалы	интонациялық амал, графикалық амал
Лексикалық дағды	сөз таңдау амалы	сөзді орынды қолданып, тіркестіру
Грамматикалық дағды	сөз тіркесі мен сөйлем құрау амалы	ойды, пікірді жарыққа шығару үшін сөйлем құрау
Мәтін құрастыру дағдысы	сөйлеу нұсқаларын, стиль түрлерін таңдау амалы	тақырып ахуалға сай мәтін құрастыру амалы

Егер өз ана тілін менсінбеушілік, психологиялық дағдарысқа ұшыраушылық орын алған жағдайда педагогтен де, ата-анадан да қажырлы еңбек қажет. «Қалыпты жағдайда баладағы өзіндік сөйлеу икемділік деңгейі - ол түрткілік ойлау деңгейі болып табылады» деген тұжырымға зер салсақ, кестедегі амал түрлері сөйлеушінің ойлауына тәуелді[9]. Ал біздің зерттеуге нысан етіп алған мектепке даярланатын топ балаларының түрткілік ойлау деңгейлері орыс тілінде болғандықтан, олармен ауызша орындалатын көптеген ойын жаттығуларды, мәтін негізінде берілетін тапсырмаларды үздіксіз, балабақшаның күн тәртібіндегі барлық іс-әрекеттерде орындатып отыру көзделіп отыр.

Тұжырымдай келгенде, балабақшада сөйлеу икемділіктері біршама қалыптастырылғанмен, мектепке келген кезде қазақ тіл және әдебиеттік оқу сабақтарында сөйлеу дағдылары әрі қарай дамытылады. Бұл жұмыс әдіскер ғалым айтқандай, бастауыш сыныптағы балаларымен екі бағытта, яғни лексикалық дағдысын қалыптастыру және грамматикалық дағдысын қалыптастыру бағытында ұйымдастырылады. Баланың ана тілінде сөйлеу икемділігін дамыту мақсатында әліппені оқыту кезеңдерінің өзінде-ақ мәтінмен ауызша жұмыс істеу, балада қалыптасқан лексикалық, грамматикалық икемділіктер негізінде сөйлеу мақсатына орай мәтін құрастыра білу дағдысын қалыптастыру міндеті қойылады. Сөйтіп, мектепте баланың ана тілінде сөйлеу

иемділіктері жазба жұмыстарымен бекітіліп отырады да, балалардың фонетикалық заңдылықтарды еске сақтауы арқылы ана тілінде сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Қазіргі қоғамда көптеген отбасылар осыны түсінбей, балаларын қазақ мектептерінен ала қашады. Балабақшада игере бастаған сөйлеу икемділіктеріне тосқауыл қояды, сөйлеу дағдыларын дамытпайды, балаларын орысша оқыту нәтижесінде қазіргі балалардың қазақы болмысы бұзылуда. Өз ана тілін менсінбеушілікке жол беріліп келеді. Іштей орыс тілінде ойлап, қазақша ойын жеткізуде кібіртіктенетін баланың сөйлеу дағдыларына үйренуі қиынның қиыны болып көрінетіні сондықтан. Біздің ойымызша, осындай жағдайда психологтар ұсынған төмендегі талаптардың бірі сөйлеуге қажеттілік тудыру, яғни балаға сұраққа жауап бере алатындай, өзара не педагогпен сөйлесетіндей жағдаяттар ойластыру тиімді. Мысалы: «Сәлем-сөз анасы», «Туысқанмен тату бол», «Бала тілі – бал» сияқты тақырыптарды ұсыну арқылы жағдаяттық қарым-қатынастар орнықтыруға болады. Үйдегі ата-ана не тәрбиеші ана тіліне деген құрмет тудыратындай сұрақтар ойластырып, әңгіме мазмұнын алдын ала ойластыру, ол үшін баланың жауап сөздеріне қажетті, бірақ балалар білмейтін тілдік құралдардың: сөздердің, сөз тіркестері мен сөйлемдердің картотекасын ойша дайындап алу жөн деп есептейміз.

5-11 жас аралығы баланың «мені» қалыптасатын кезең. Мемлекеттік тіл туралы оның өз көзқарасы қалыптастырылса, бала ол тілді үйреніп шығуға өзін-өзі бейімдейді. Мысалы, қазақ тілін балабақшада оқытуды ұйымдастыруда бір педагогтің: «Үйде сендер ана тілінде сөйлесесіңдер. Қазақ тілі – осы өздерің тұратын мемлекет тілі. Құс қос қанатымен биікке ұша алады. Сол сияқты сендер де екі тілді білсеңдер, өскенде басқа мемлекеттерге бара аласыңдар. Мүмкін шетелге барасыңдар. «Өз елімде – Қазақстанда мен қазақша сөйлеймін» дейсіңдер. Жақсы емес пе?» деген сөзіне балалар қатты еліктеген [2,3]. Баланың сөйлеу дағдыларын ұщтайтын әрекеттерді ұйымдастыратын үлкендер балаға тапсырма беріп, оны қалай орындағанын рапорт сияқты айтып отыруын, орысша қолданған сөздер мен тіркестерін, сөйлемдерін балаға көзге шұқып айтпай, сол сөйлем құрылымын жұмсақ дауыспен өзі түзеп, қайталап айтуды әдетке айналдыру керек. Жақсы әдет жақсы әдепке тәрбиелейді. Мемлекеттік тілге деген ата-ананың құрметін сезген бала патриот болып өседі. Сөйлеу әрекеті – баламен сөйлесу, оны ана тілінде кез келген тақырыпта сөйлету. Мысалы, дастархан басында ас мәзірі туралы, қайсысы ұнайтыны жайында, ыдыс-аяқ туралы, олардың түрлерін, түсін, көлемін, бөліктерін (шәйнектің шүмегі, қақпағы, түбі, тұтқасы) атап тіркестер құрату, қай тағам өзіне ұнайтыны жайында әңгімелесу керек.

#### **Тілі орысша шыққан балаларды ана тілінде сөйлеуге жаттықтыру бойынша ұсыныстар:**

- баламен бірлесіп көркем шығармалар оқу;
- оқылған мәтін мазмұнын қайталап айтқызу;
- үлкендердің басқаруымен суреттер қарастыру;
- өлең жаттату, жұмбақ шешкізу;
- түрлі жаттығулар мен дидактикалық ойындар ойнату;
- баланы сахналық қойылымдарға қатыстыру;
- үйде қуыршақ театрын ұйымдастыру;
- көркем туындылардағы жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіру;
- мәтіндерді жанрлық жағынан өзара салыстыру, қажеттілік туындаған жағдайда тіпті орысша мәтінімен салғастыра оқу [2,7].

Бұл әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалімнің не тәрбиешінің балаларды оқып-үйренуге жұмылдырылатын уақыты тіпті шектен тыс көбейіп кетуі де мүмкін. Бірақ одан шығатын пайда жоқ емес. Балаға ана тілінің ішкі мәнерін, әуенін өздігінен қабылдауға ұмтылдырған жөн. Қазіргі кезде балалар интернет жүйесіне байланған. Ал одан шығарудың бірден-бір жолы ата-аналардың баланы жақындарымен, араласатын отбасыларының балаларымен бірлесе ойнатуды қолдану, қонаққа барғанда, не шақырғанда дастархан

басына бірге отырғызу, қызықты ойындар ұйымдастыру. Бұл орайда сөйлеу әрекетін балаларды ерекше қызықтыратын тақырыптарға құрған жөн және сөйлесуде балаларға еркіндік берген абзал.

Жоғарыда келтірілген пікірлерді тұжырымдай келгенде, балалардың сөйлеуін дамыту үйде және балабақшада ұйымдастырылған қарым-қатынасқа және мазмұнды құрылған сөйлеу әрекеттеріне байланысты. Сөйлеуге үйрету үдерісі баланың сөйлеу іскерліктерін дамытатын жұмыстарға басымдылық бере отырып ұйымдастырылуы керек деп тұжырымдаймыз.

### **Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың ана тілінде сөйлеуіне диагностикалық зерттеу іс-тәжірибесінің деректері:**

Зерттеу жүргізілген орын: Талдықорған қаласы, №42 балабақшасының мектепалды тобы. Бақыланған балалар саны – 27. Оның 12-сі аралас тілде, 2 бала орысша, 10 бала таза қазақша сөйлейтіндер.

Зерттеу әдісі: психолінвист Ф.А.Сохин және оның шәкірттерінің бала тілін диагностикалауға ұсынған коммуникативтік-әрекеттестік әдісі[7].

Зерттеу болжамы: «Егер, балаларды өзара қарым-қатынасқа түсіретіндей қажетті сөздік қор мөлшері өтпелі тақырыптар бойынша сөйлеу әрекеттерін ұйымдастыратындай жүйелі түрде бекітіліп, тиімді әдіс-тәсілдермен дамытылып отырылса және топтағы оқу қызметі, түрлі салалық іс-әрекеттер қызықты ұйымдастырылса, балалардың тілдік қатысымға түсіп, ана тілінде ауызша сөйлеу белсенділігі арта түседі. Өйткені сөйленімдік жағдаяттар қызықты құрылғанда ғана әр бала өздігінен қатарластарымен коммуникативті қарым-қатынасқа түсе алатын болады, тіпті қазақша сөйлеуді төмен деңгейде меңгерген бала өз тұрғыластарының сөздеріне еліктеп, намыстанып, өз сөздерін дұрыстай бастайды».

Зерттеу әдісінің мақсаты: топтағы балалардың әрекет түрлеріне қарай өзара және үлкендермен коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу барысында қазақша сөздік қорын, сөйлеудегі грамматикалық құрылымды, дыбыстық мәдениетін және диалогті сөйлеу икемділіктері (сұрақ қою, сұраққа жауап беру) мен дағдыларын айқындау.

Пайдаланылған көрнеіліктер: зерттеудің мақсат-міндеттеріне байланысты үлестірмелі материалдар, еңбек, ойын, тұрмыстық әрекеттер бейнеленген картиналар; «Кітапхана», «Дүкенде», «Мектепте», «Отбасында» рөлдік-сюжетті ойындарға, «Топпен серуендеу», «Тәрбиешімен әңгіме», «Телефон», «Менің сүйікті кейіпкерлерім» атты тақырыпта әңгімелесу, жоспарлары, ойындар мен тапсырмаларды орындауға қажетті заттық орта материалдары.

Диагностикалық зерттеу барысы: Сөйлеу тілі орысша және таза қазақша қалыптасқан балалардың коммуникативті сөйлеу дағдыларын басты нысан етіп алып, студенттер жоғарыда көрсетілген тақырыптар бойынша балалармен рөлдік-сюжетті ойындар ұйымдастырды, әр баланы диалогке тартты, білетін ертегілерінің кейіпкерлері еске түсіріліп, әңгімелесулер ұйымдастырды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде топтағы аралас тілде сөйлейтін балалар өздеріне таныс үлестірмелі суреттерді нұсқап сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыра бастады. Диагностика жүргізген студенттер тілдік қатысымға түсе алмай, тапсырмаға қиналған балаларға жауаптың үлгі модельдерін беріп отырды. Жауаптарын мүдіріссіз толық бере білген жоғары деңгейдегі балаларға рөлдік ойындар ойнатылып, үлкендермен жағдаятты-іскери қатынастар ұйымдастырылды. Алдын ала дайындалған қатынас сценарийлері негізінде ұйымдастырылған диалогтер кейіпкерлерді (Күлдіргіш атай мен балалар, Мақтақыз бен мысық) өзара тілдестіруге бағыттай құрылды. Әр баламен сөйленім материалдарын қалыптастыру эксперименті 30-35 минут аралығында өткізілді. Балалар ойын-драматизацияға бірден араласты, тартыну, ойыннан бөлектену байқалмады.

Топ балаларын сөйлеуге тарту мақсаты мен міндеттеріне бағытталған, арнайы жабдықталған заттық орта жағдайында өзара немесе тәрбиешімен бірлесе



ұйымдастырылған қарым-қатынастағы сөйлеу әрекетінің нәтижесі төмендегі сұрақтар жүйесінде жинақталып бағаланды:

- Балалар қандай сөздер үйренді?
- Әңгіме-сұхбат болды ма?
- Қай ситуациялық жағдаятта не ойында қанша бала белсенділік танытты?
- Жақсы сөйлеген не өте байланыссыз сөйлеген қанша баланың жауаптары жазып алынды?
- Балаларды коммуникативті қатынасқа тартатын іс-әрекеттің қайсысы тиімді болды? Осындай сұрақтармен балалардың ана тілінде сөйлеу дағдыларына сараптама жасалды.

Біз бақылауға алған мектепалды тобында балалардың қазақ тілінде түрлі деңгейде сөйлейтіні анықталды. Балалардың өзара қойылған сұрақты тез түсініп жауап бере алмай жатуы балалардың тілді әркімі деңгейде білуіне байланысты екендігі анықталды. Бастапқы бақылау жұмысының нәтижесі мен қала балабақшасында тәрбиеленіп жатқан балалардың сөйлеу әрекеттеріне арналған дидактикалық материалдармен жүргізілген жұмыстарды салыстырып, зерттеу барысында мынандай қорытынды шығарылды:

1) Заттық ортаны тікелей қарастыру, ондағы таныс және таныс емес нысандардың атын атағып бекіту, суретті кітапшаларды, үлестірмелі суреттерді ойын үстінде қайталатып есте қалдырту, ұқсас жақтарын ажыратқызу, слайдтан, компьютерлік ойындардан еске түсіру арқылы кейіпкерлер атынан сөйлету өз нәтижесін көрсетті, бақылау тобындағы балалар өзара тілдік қатынасқа түсіп, сөйлей бастады.

2) Бір ай бойы топ ішінде ұйымдастырылған тұрмыстық жағдаяттар, ойындар және күн тәртібіне орай өткізілген өзге де іс-әрекеттердегі қарым-қатынастар балалардың өзара және педагогпен сөйлесуіне түрткі болды. «Суретін сал, сипатта», «Ермек саз кейіпкермен сөйлеймін», «Ал, сөйле, дәл сөйле» «Ғажайып қапшық» ойын-жаттығуларының түрліше кіріктіріле қызықты ұйымдастырылуы балалардың көпшілігінің ауызша сөйлеу белсенділігін туғызды. Тіпті топтағы өзге ұлт балаларына арналған сөйлесу жағдаяттары көрнекі модельдерге құрылғандықтан, ана тілінде төмен деңгейде қатынасқа түсетін балалармен олар да ойнай бастады.

3) Қала балабақшаларының мектепалды топтарында жүргізілетін қалыптастырушы эксперимент болжамына сәйкес балаларды өтпелі тақырыптар бойынша өзара қарым-қатынасқа түсіретіндей сөйлеу әрекетін ұйымдастыруға қажетті сөздік қор мөлшері нақтыланып, мектепалды топ балаларының ана тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын нұсқаулықтың жазылуын қажет етті. Ол нұсқаулықта диалогті сөйлеуге тән тілдік бірліктер, сөз тіркесін, сөйлем түрлері мен құрылымдарын жаттықтыратын грамматикалық жаттығу алгоритмдері, оларды байланыстырып сөйлеу модельдері берілді.

### **Зерттеу нәтижесінде балабақша педагогтеріне жасалған ұсыныс:**

Үлкендердің сөзінен көптеген жаңа сөз қолданыстарын естіп үйренгенмен, оларды өз қатарластарымен белсенді қолданбаса, ол формалар баланың сөздік қорына енбейді. Қарым-қатынаста баланың қажеттілігін толтыратын, өмірде басқа адамдармен еркін сөйлесуіне қажетті тұлғалар (есім сөздер, етістіктер, тіркестүрлері т.б.) қолданысқа енгізіліп, бекітіліп тұруы керек. Балалардың коммуникативтік сөйлеу дағдылары дамытылатын тақырыптар топтағылардың қазақ тілін түсіну, білу деңгейлеріне қарай тағайындалып, сөйлеу әрекетіне қажетті сөздік қолданымдардың көрнекі модельдері жасалғандығы тиімді болды. Теориялық зерттеулерде ұсынылған тұжырымдар балалардың ана тілін екінші тіл ретінде қабылдатуда да дәлелденді. Қостілді отбасыларында тәрбиеленіп жатқан балалар қазақ тіліндегі туынды сөз таптарын, күрделі етістіктердің, құрмалас сөйлемдердің құрылымдарын игеріп кету қиындық тудыратындығы айқындалды.

## Қорытынды

«Сөйлеудің жаңа формалары мен функцияларының пайда болуы балалардың басқа адамдармен қарым-қатынасы барысында олардың алдында тұрған міндеттермен байланысты. Балалардың қарым-қатынастың неғұрлым дамыған түрлеріне көшуімен олардың сөздік қоры кеңейеді, жаңа грамматикалық категориялар пайда болады. Сөйлемдер күрделеніп, созылады, қарым-қатынас құрылымы (сөйлеудің басқа құралдар арасындағы орны, тартымдылығы) өзгереді». Бұл тұжырымды А.Э. Рейнстейн біркелкі жастағы, бірақ қарым-қатынас дамуының әртүрлі деңгейдегі балалардың сөйлеуін, сондай-ақ әртүрлі жастағы, бірақ коммуникативті белсенділік деңгейіндегі балалардың сөйлеуін салыстыра отырып жасайды» деп жазылғандай, жүргізілген диагностикалық зерттеу мен қалыптастыру экспериментіне қойылған мақсаттар сөйлеу тілі әркім балаларға қажетті дидактикалық материалдарды айқындауға ықпал етті [14,13]. Орыстілді әр баланың үйде, топ ішінде және өзара жағдаятқа қарай туындап жататын, түрлі қарым-қатынас жағдайындағы сөйлеу тілі өзгеріп, дамып отыратын мазмұнға ие. Қарым-қатынасты балалардың ана тілін білу деңгейлеріне қарай жоспарлау, сөйлеу мақсатына қарай балалардың ана тілінде, мемлекеттік тілде таза сөйлеуге, ойын анық жеткізуге тәрбелеу ата-ана, балабақша тәрбиешісі мен бастауыш сынып мұғалімдерінің мойнында.

### Зерттеу нәтижесінде ұсынылған қағидаттар мен шарттар:

1. Балабақшада алған білімін бала мектепте тиімді қолдана алуы үшін ана тіліне үйрету үдерісінде сөйлеу тілі түрлі әрекетте практика жүзінде дамытылуы міндет, яғни тілдік материал, барлық нұсқаулар әр баланы сөйлетуге, коммуникативтік-әрекеттестік қарым-қатынаста сөйлеу дағдыларына ықпал етуі тиіс.

2. Мемлекеттік тіл – ұрпақтың интеллектуалды дамуына, мектепте нәтижелі оқуына апарар жол және сыныптастарымен, үлкендермен күнделікті қарым-қатынасқа түсіретін басты қару.

3. Эксперименттік зерттеу деректері көрсеткендей, мектепке дейінгілердің сөйлеу тілінің қалыптасуына және дамуына төмендегідей шарттар ұсталынғанда қол жеткізуге болады:

Балаларды тілдік қатынасқа түсіру үшін барлық әрекеттерді (күнделікті режимдік қарым-қатынас, ойын, еңбек, тұрмыстық әрекет, ұйымдастырылған оқу қызметі) сөйлеу әрекетінде, жүйелі түрде сөзбен демеп, ұйымдастырып отыру. Яғни, баланың пікірін тыңдау, қызығушылығын тудыратын сұрақтарға сөйлеу деңгейіне қарай жауап беру, мемлекеттік тілде сөйлеуге ынтасын тудыратын жағдаяттарды ойластыру. Бұл – 3-10 жастағы балаларды сөйлеу әрекетіне түсуге белсенділігін арттырудың бірінші шарты. Екінші шарт, ол – баланың ата-анасымен, жақындарымен ана тілінде сөйлесуі, аудиалды, аудиовизуалды ақпарат құралдарынан алатын мәліметтерді бірге талқылап, қазақ халқының көркем әдебиеті мен мәдени құралдармен жасалатын еңбек әрекетінде, арнайы ұйымдастырылатын тіл дамыту сағаттарында балалардың қазақ тілін ана тілі дәрежесінде эмоционалды қабылдауына тиімді жағдаяттар тудырып, баланың ана тілінде сөйлеу дағдыларын бақылап отыру.

Жинақтап айтқанда, қарым-қатынас арқылы құрылатын сөйлеу әрекетін әр баланың тілді меңгеру қабілеттеріне қарай ұйымдастыру керек. Шынайы, жанды тілдік қатынас – бала тілін дамыту құралы. Коммуникативті белсенділік деңгейіндегі балалармен қарым-қатынасқа түсіру арқылы орыстілді балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру сөйлеу әрекетінің мазмұнды құрылып, үлкендердің мемлекеттік тілді бала жастан қарым-қатынас тіліне айналдыруға дұрыс басшылық етуінде болып отыр. Заманына қарай адам өзгергенімен, қазақы болмыста ұрпақ тілінің өз деңгейінде қалыптасып дамуына үлес қосуымыз үлкендерге балаларының ана тілінің болашағына бей-жай қарамауды міндеттейді.

## Әдебиеттер тізімі

1. Алексеева М.М., Яшина В.И. Теория и методика развития речи детей: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования. – Москва: Издательский центр «Академия», 2015. – 448 с.
2. Бакраденова А.Б., Баймұратова Б. Орыс тілінде жұмыс істейтін балабақшада қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: «Рауан», 1992. – 208 б.
3. Бакраденова А.Б., Таурбекова А.С. Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем туындылармен таныстыру. – Талдықорған: ЖУ баспасы, 2021. – 169 б.
4. Bratlie S.S., Brinchmann E.I., Melby-Lervåg M., Torkildsen J.V.K. Morphology-A Gateway to Advanced Language: Meta-Analysis of Morphological Knowledge in Language-Minority Children // Review of Educational Research. – 2022. – Vol. 92(4). – P. 614-650.
5. Блонский П.П. Память и мышление. Избранные педагогические и психологические сочинения. – Москва, 1979. – 247 с.
6. Gibbons P. Stärk språket, stärk lärandet [Strengthen the language, strengthen the learning]. – Stockholm: Hallgren och Fallgren, 2009. – 58 p.
7. Градусова Л.В. Диагностика речевого развития дошкольников /под. ред. Ушаковой. – Москва, 1997. – 96 с.
8. Jane Brodin, Karin Renblad. Improvement of preschool children’s speech and language skills // Review of Educational Research. – 2022. – Vol. 92. – P. 311-315.
9. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері. П.ғ.д., дисс. – Алматы: 2004. – Б. 139.
10. Jones D. Speaking, listening, planning and assessing: The teacher's role in developing metacognitive awareness. Early Child Development and Care. – 2007. – Vol. 177(6&7). – P. 569-579.
11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
12. Ружская А.Г. Отношение детей дошкольного возраста к разным вариантам общения со взрослыми // Развитие общения у дошкольников. – Москва, 1974. – 153 с.
13. Рейнштейн А.Э. Роль взрослого и сверстника в развитии речи у дошкольников: автореф. дисс. канд. психол. наук. – Москва, 1982. – 21 с.
14. Развитие речи детей младшего дошкольного возраста (разновозрастная группа): учебно-методическое пособие. – Орск, Издательство ОГТИ, 2009. – 131 с.
15. Стародубова Н.А. Теория и методика развития речи дошкольников. 5-ое издание. Педагогическое образование. – Москва: «Академия», 2006. – 21 с.

**А.Б. Бакраденова, А.С. Таурбекова, Г.А. Тажинова**

*Жетysуский университет им. И. Жансугурова, Талдықорған, Қазақстан*

### **Общение как основное условие развития у ребенка навыков говорения на родном языке**

**Аннотация.** В статье рассматриваются исследования о том, что формирование и развитие речи детей дошкольного возраста зависит от общения. В настоящее время проблема с государственным языком заключается в том, что в некоторых билингвальных семьях детьми в качестве языка общения со взрослыми используется русский язык. Поскольку психика и речь ребенка развиваются во взаимной связи, попытка научить ребенка говорить на казахском языке требует психологического, лингвистического подхода. В статье утверждается, что язык является национальным знаком, показывающим личность говорящего. Там, где есть речь, должно быть и слушание. На основании теории о том, что «научить ребенка слушать, значит ввести его в языковое общение», в статье указан ряд тем, которые направляют детей на вступление в языковое общение со сверстниками и взрослыми. Результаты диагностических исследований на проверку словарного запаса и умения индивида участвовать в диалоге, выявленные грамматические формы изучаемого языка, вызывающих у детей трудности в языковом общении, привели к выводу, что нужно разработать методическое пособие по этой проблеме. Изучив работы исследователей о различных формах общения и мнения лингвистов,

методистов о том, что народные стихи и песни пробуждают в ребенке генетические коды родного языка, умение слушать, отвечать на вопросы в соответствии с логикой, грамматическими правилами, научат ребенка говорить культурно и связно, авторы предлагают ряд методов и приемов для развития коммуникативных навыков общения на государственном языке.

**Ключевые слова:** языковое общение, речь, игра, труд, речевой навык, бытовая деятельность, коммуникативный метод, развитие речи.

**A.B. Bakradenova, A.S. Taurbekova, G.A. Tazhinova**  
*Zhetysu University named after I. Zhansugirov, Taldykorgan, Kazakhstan*

### **Communication as the main condition for the development of the child's native language skills**

**Abstract.** The article deals with the research that the formation and development of speech of preschool children depends on communication. The current problem with the state language is that in some bilingual families children with adults use Russian as the language of communication. Since a child's psyche and speech develop in a reciprocal relationship, trying to teach a child to speak Kazakh requires a psychological, linguistic approach. The article argues that language is a national sign that shows the identity of the speaker. Where there is speech, there must also be listening. Based on the theory that «teaching a child to listen means introducing him or her to language communication» the article identifies a number of topics that guide children to engage in language communication with peers and adults. The results of diagnostic studies to test the vocabulary and the ability of the individual to participate in a dialogue, the identified grammatical forms of the language studied, causing children difficulties in language communication, led to the conclusion that we need to develop a methodological manual on this problem. Having studied the works of researchers on various forms of communication and the opinions of linguists, methodologists that folk poems and songs awaken in a child the genetic codes of the native language, the ability to listen, to answer questions according to logic, grammar rules will teach the child to speak culturally and connectedly, the authors offer a number of methods and techniques to develop communicative skills in the state language.

**Keywords:** language communication, speech, play, labor, speech skill, household activities, communicative method, speech development.

### **References**

1. Alekseeva M.M., Yashina V.I. *Teoriya i metodika razvitiya rechi detej: uchebnik dlya stud. uchrezhdenij vyssh. prof. obrazovaniya* [Theory and methods of children's speech development: a textbook for students. institutions of higher education prof. education] (Moskva: Izdatel'skij centr «Akademiya», 2015, 448 s.) [Moscow: Publishing Center "Academy", 2015, 448 p.]. [in Russian]
2. Bakradenova A.B., Bajmuratova B. *Orys tilinde zhmys isteitin balabakshada kazak tilin okytu metodikasy* [Methods of teaching the Kazakh language in a Russian-language kindergarten] (Almaty: «Rauan», 1992, 208 b.). [in Kazakh]
3. Bakradenova A.B., Taurbekova A.S. *Mektep zhasyna dejingi balalardy korkem tuyndylarmen tanystyru* [Introducing children of preschool age to artistic works] (Taldykorgan: ZHU baspasy, 2021, 169 b.) [Taldykorgan: ZHU publishing house, 2021, 169 p.]. [in Kazakh]
4. Bratlie S.S., Brinchmann E.I., Melby-Lervåg M., Torkildsen J.V.K. Morphology-A Gateway to Advanced Language: Meta-Analysis of Morphological Knowledge in Language-Minority Children, *Review of Educational Research*, 92(4), 614-650 (2022).
5. Blonskij P.P. *Pamyat' i myshlenie* [Izbrannye pedagogicheskie i psihologicheskie sochineniya] [Memory and thinking Selected pedagogical and psychological works] (Moskva, 1979, 247 s.) [Moscow, 1979, 247 p.]. [in Russian]
6. Gibbons P. *Stärk språket, stärk lärandet* [Strengthen the language, strengthen the learning] (Stockholm: Hallgren och Fallgren, 2009, 58 p.). [in Swedish]
7. Gradusova L.V. *Diagnostika rechevogo razvitiya doshkol'nikov* [Diagnostics of speech development of preschool children] (Moskva, 1997, 96 s.) [Moscow, 1997, 96 p.]. [in Russian]

8. Jane Brodin, Karin Renblad. Improvement of preschool children's speech and language skills, *Review of Educational Research*, 92, 311-315 (2022).
9. ZHapbarov A. Kazak tilin okytu arkyly til damytudyn adisnamalyk zhane adistemelik negizderi. p.g.d., diss. [Methodological and methodical bases of language development by teaching the Kazakh language. Ph.D., diss] (Almaty, 2004, 139 b.). [in Kazakh]
10. Jones D. Speaking, listening, planning and assessing: The teacher's role in developing metacognitive awareness. *Early Child Development and Care*, 177(6,7), 569-579 (2007).
11. Mektepke dejingi tarbie men okytudyn ulgilik oku bagdarlamasy [Model curriculum of preschool education and training] (Astana, 2016).
12. Ruzskaya A.G. Otnoshenie detej doshkol'nogo vozrasta k raznym variantam obshcheniya so vzroslymi. Razvitie obshcheniya u doshkol'nikov [Attitude of preschool children to different types of communication with adults. Development of communication among preschoolers] (Moskva, 1974, 153 s.) [Moscow, 1974, 153 p.]. [in Russian]
13. Rejnstejn A.E. Rol' vzroslogo i sverstnika v razviti rechi u doshkol'nikov: avtoref. diss. kand. psihol. nauk [The role of adults and peers in the development of speech in preschool children: abstract. diss. Ph.D. psychol. sci.] (Moskva, 1982, 21 s.) [Moscow, 1982, 21 p.]. [in Russian]
14. Razvitie rechi detej mladshego doshkol'nogo vozrasta (raznovozrastnaya gruppa): uchebno-metodicheskoe posobie [Speech development of children of primary preschool age (multi-age group): educational and methodological manual] (Orsk, Izdatel'stvo OGTI, 2009, 131 s.) [Orsk, OGTI Publishing House, 2009, 131 p.]. [in Russian]
15. Starodubova N.A. Teoriya i metodika razvitiya rechi doshkol'nikov. 5-oe izdanie. Pedagogicheskoe obrazovanie [Theory and methods of speech development in preschool children. 5th edition. Teacher Education] (Moskva: «Akademiya», 2006, 21 s.) [Moscow, "Academy", 2006, 21 p.]. [in Russian]

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Бакраденова А.Б. – байланыс үшін автор**, педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика және психология жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры (доцент), І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан.

**Таурбекова А.С. – педагогика ғылымдарының магистрі**, педагогика және психология жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан.

**Тажинова Г.А. – педагогика ғылымдарының магистрі**, педагогика және психология жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан.

**Bakradenova A.B. – Corresponding author**, Candidate of Pedagogic Sciences, Associate Professor, Higher School of Pedagogy and Psychology, Zhetysu University named after I. Zhansugirov, Taldykorgan, Kazakhstan.

**Taurbekova A.S. – Master of Pedagogical Sciences**, Teacher-Lecturer, Higher School of Pedagogy and Psychology, I. Zhansukirov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan.

**Tazhinova G.A. – Master of Pedagogical Sciences**, Teacher-Lecturer, Higher School of Pedagogy and Psychology, I. Zhansukirov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan.